**Кепілдік беру туралы**
**№ __________ ШАРТ**[i]

_______________қ. «  » ___ 202_ ж.

Бұдан әрі «**Банк**» деп аталатын **«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы** атынан *(оның негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжат көрсетілсін)* негізінде әрекет ететін *(Банктің уәкілетті өкілінің лауазымы, толық аты-жөні көрсетілсін)* мырза (ханым) бір тараптан және[1]
[бұдан әрі «**Клиент**» деп аталатын ***заңды тұлғаның*** *толық ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы көрсетілсін* атынан *оның негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжат көрсетілсін* негізінде әрекет ететін *тұлғанын толық аты-жөні мен лауазымы көрсетілсін* мырза (ханым) екінші тараптан,]
[бұдан әрі «**Клиент**» деп аталатын, [____ ж. № ____, сериясы _____ жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің негізінде әрекет ететін][2] **Жеке кәсіпкер** *(толық аты-жөні мен туған күні көрсетілсін)* басқа тараптан]
[бұдан әрі «Клиент» деп аталатын *(шаруа (фермер) қожалығының атауы көрсетілсін)* **Шаруа (фермер) қожалығы** атынан *оның негізінде әрекет ететін құжат көрсетілсін* негізінде әрекет ететін *өкілдің толық аты-жөні мен туған күні көрсетілсін* басқа тараптан,]
бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталатындар, жеке шарттары Банктің www.jusan.kz мекенжайы бойынша Интернет-ресурсында орналастырылған, Банктің уәкілетті органы _____ж. бекіткен №___ заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыру ұсыну бойынша Стандартты шарттармен (бұдан әрі –Стандартты шарттар) анықталатын осы Кепілдік ұсыну туралы шартты (бұдан әрі –Шарт) төмендегілер туралы жасасты:
Шартта қолданылатын бас әріптермен және кіші әріптермен жазылған терминдер мен анықтамалар, егер шартта өзгеше айқын көрсетілмесе, Стандартты шарттарда айқындалған мағыналарға ие болады.

## 1. Жалпы шарттар

Шартта және стандарттық шарттарда айқындалған талаптарда Клиентке кепілдік беру талаптары мен тәртібін анықтайды.

| | |
|---|---|
| **1.1. Шарттың жасалған күні** | |
| **1.2. Кепілдік сомасы, мерзімі және валютасы** | Банк Клиенттің бенефициар (бұдан әрі – «Бенефициар») *(егер Бенефициар жеке тұлға болса: толық аты-жөні, ЖСН, туған күні, тұрғылықты жері, заңды мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері (немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де жеке мәліметтер); егер Бенефициар заңды тұлға болса: заңды тұлғаның атауы, мемлекеттік тіркелген күні, БСН (немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген, оны заңды тұлға ретінде көрсететін өзге де мәліметтер көрсетілсін)* алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін (Шарттың/кепілдік беру қажеттілігі қарастырылған құжаттың атауы, нөмірі және күні/тендердің (конкурстың) атауы және лот нөмірі көрсетілсін) бойынша Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын (*кепілдік міндеттеменің сомасы сандармен (жазбаша) және валютасы көрсетілсін)* мөлшерінде _____ жылғы _____ күні № ___ |

[1]Осы Шарттың мәтіні бойынша, тік жақшада көрсетілгендердің барлығы мәміленің мазмұнына, Банктің тиісті уәкілетті органының / тұлғасының және т.б. шешімдерінің болуына байланысты шарттың мәтінінен қабылданады немесе алынып тасталынады. Егер тік жақшаларда көрсетілген жеке тармақтар / тармақшалар Шарттың мәтінінен алынып тасталса, қажет болған жағдайда Шарт тармақтарының / тармақшаларының нөмірленуін өзгертіңіз
[2] егер жеке кәсіпкер 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген болса қолданылады.

| | |
|---|---|
| | міндеттемелерді/төлемдерді орындау/аванстық төлемді/кепілдік міндеттемені қайтару кепілдігін (*атауын таңдап, қалғанын өшіру керек)* (бұдан әрі –«Кепілдік») береді. Кепілдік мерзімінің аяқталуы *(кепілдік мерзімінің аяқталу күні көрсетілсін)*/Кепілдік Клиент Бенефициар алдындағы *(Шарттың/кепілдік беру қажеттілігі қарастырылған құжаттың атауы, нөмірі және күні көрсетілсін (қажетсізді алып тастаңыз))* бойынша бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін жарамды. Бенефициар Кепілдік бойынша талап қойған кезде, Банк оның талабын кепілдікпен көзделген жағдайлардажәне шарттарда оның талабын орындайды. |
| **1.3. Төлем тәсілі** | Кепілдік бойынша комиссияны және Шарт бойынша басқа төлемдерді төлеу Стандартты талаптардың 8.1.тармағының 20) тармақшасының г) абзацында қарастырылған тәртіпте [өтеу кестесіне сәйкес бөліктермен][бір рет] Принципалдың «Jusan Bank» АҚ *филиал атауын көрсету* филиалындағы № *ағымдағы шоттың нөмірін көрсету* ағымдағы шоттан Шартта көрсетілген валютада, сомада және мерзімде жүзеге асырылады. |
| **1.4. Клиент төлейтін комиссиялар мен басқа төлемдердің толық тізімі.** | [Кепілдік ұсынғаны үшін комиссиялар:<br>- Кепілдік беру кезде – Кепілдік сомасынан комиссия алынады *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін)* Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген төлеу тәртібін көрсетіңіз*<br>- Кепілдік сомасы ұлғайтылған кезде – бекітілген ұлғаю сомасынан *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін)* мөлшерже комиссия алынады. Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін]*<br>[Кепілдікті пайдалану үшін комиссия________ *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін)* Төлеу тәртібі – *жылдық пайызбен, осы Шартқа қосымша болып табылатын кестеге сәйкес/бір рет жүзеге асырылады]*<br>[Шарт талаптарын және кепілзаттық қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды өзгерткені үшін алынатын Кепілдіктер бойынша комиссиялар:<br>– Кепілдік мерзімін өзгерту үшін – (*Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссияның мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін* Төлеу тәртібі– *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленгенін көрсету*<br>- Кепілдік бойынша кепіл затының (заттарының) шарттарын өзгерту жөніндегі мәселелерді қарағаны үшін,сондай-ақ кепіл затын (заттарын) және кепіл берушіні ауыстырған кезде – *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін).* Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін]*<br>- басқа шарттарды өзгерту үшін, оның ішінде Клиентке, Кепілгерге байланысты, сондай-ақ ерекше шарттардың тармақтарын орындау шарттарын өзгерту үшін – *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін).* Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін]*<br>[Анықтама беру және басқа несиеден кейінгі қызметтер бойынша кепілдік комиссиясы: |

| | |
|---|---|
| | - Клиенттің өтініші бойынша кепілзат болып табылатын көлік құралының тіркеу нөмірін ауыстыруға, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті қайта ресімдеуге, жоғалған құжаттарды көлік құралына қалпына келтіруге рұқсат беру туралы куәлік беру үшін / Клиенттің өтініші бойынша жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға), кепілзат аумағында қайта құруды, ғимараттарды, кеңейтулерді заңдастыруға келісім беру үшін– *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін).* Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген төлем тәртібін көрсету*];<br>– Клиенттің басқа сұраныстары бойынша келісім бергені үшін – *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін).* Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген төлем тәртібін көрсету*].<br>- Клиенттің өтініші бойынша иеліктен шығаруға салынған тыйымды алып тастамай, Клиенттің несиелік құжаттамасында қамтылған кепіл затына құқық беретін құжаттарды беру үшін (заңды ескертулерді жою және ерекше шарттарды орындау мақсатында құжаттарды беру жағдайларын қоспағанда) – *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген комиссия мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін).* Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін]*;<br>- Клиенттің өтініші бойынша Клиенттің басқа сұраулары бойынша анықтама беру үшін – Клиент қолданатын тарифтік жоспарға сәйкес. Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін*]<br>*Өнім құжатына/Банктің тарифтеріне / Уәкілетті органның шешіміне сәйкес тармақты алып тастауға/ басқа комиссиялармен/төлемдермен толықтыруға болады.* |
| **1.5. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Клиент төлейтін тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімақылар).** | [1) Клиенттің Банк белгілеген мерзімде есеп айырысу шотында төлемегені үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы), егер Банк Кепілдік сомасын Бенефициардың пайдасына төлесе және/немесе Кепілдікті пайдаланғаны үшін комиссияның төленбеген сомасы болса – *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін).* Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін]*;<br>[90 (тоқсан) күннен кейін, Клиент Кепілдік сомасын бенефициардың пайдасына және/немесе мерзімі кешіктірілген қарыздың әр күні үшін Кепілдікті пайдаланғаны үшін комиссияның төленбеген сомасын төлеген жағдайда, Клиент Банк белгілеген мерзімде Клиенттің есеп айырысу шотындағы қамтамасыз етілмеген сомасының 0,03 *(тұрақсыздық төлемінің өзге мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін)* пайызын *(қажетсіздерді алып тастаңыз)* төлейді.][3]<br>2) Шарт бойынша мерзімі кешіктірілген міндеттемелерді орындамағаны / уақтылы орындамағаны/ тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) – *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшері санмен (жазбаша) көрсетілсін)* Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті* |

[3] Банктің уәкілетті органының шешіміне / кредиттеу бағдарламаларының шарттарына сәйкес тұрақсыздық төлемініңмөлшерін көрсете отырып, ЖК (ШҚ) кепілдік берген кезде қолданылады, ал тұрақсыздық төлемінің мөлшері 0,03% -тен аспайды.

| | |
|---|---|
| | *органының шешімімен белгіленген төлеу тәртібі көрсетілсін]*;<br>3) Шарт бойынша орындау мерзімі жоқ міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы) – *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшері санмен (жазбаша) және есептеу тәртібімен көрсетілсін).* Төлеу тәртібі *–Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін]*;<br>4) Банктің уәкілетті органы айқындаған және Шартта көрсетілген мөлшерде аудару және/немесе банкте айналымдарды ұстап тұру жөніндегі талаптарды орындамағаны үшін тұрақсыздық төлемі(айыппұл, өсімақы)– *(Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген тұрақсыздық төлемінің мөлшері санмен (жазбаша) және есептеу тәртібімен көрсетілсін)* Төлеу тәртібі – *Банктің уәкілетті органының шешімімен белгіленген Төлеу тәртібі көрсетілсін]*;<br>*Өнім құжатына/Банктің тарифтеріне / Уәкілетті органның шешіміне сәйкес алып тастауға/ басқа тұрақсыздық төлемдерімен (айыппұлдармен, өсімақымен) толықтыруға болады.* |
| **1.6. Қамтамасыз ету** | [1.6.1. Клиенттің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету: *(кепіл түрі көрсетілсін): а) (кепіл затының жеке анықталған белгілері, (жылжымалы және жылжымайтын мүлік үшін, орналасқан жерінің мекенжайы көрсетілсін); б)* Кепілдік *(Кепілгердің / кепілгердің атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетілсін); в) банктік салым шарты бойынша ақша мен валютаның мөлшері, оның нөмірі және күні (салымдағы ақшаның кепілі бойынша); г) айналымдағы тауарлардың атауы мен тізбесі (айналымдағы тауарлар үшін); д) атауы мен саны, санаты және ЖСН (бағалы қағаздар бойынша); е) атауы, сериясы, шығарылған жылы, шыққан елі және басқа да жеке сипаттамалары (жабдық үшін); ж) талап ету құқығы туындаған шарттың атауы, күні, нөмірі, контрагенттің атауы және ұйымдық-құқықтық нысаны (талап ету құқығы бойынша) з) Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша басқа мүлік (қажетсізді алып тастаңыз).*<br>[Қамтамасыз етуді бағалау міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы шартта(шарттарда) көрсетілсін.][4]<br>[Банк міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы тиісті түрде ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген шарт (шарттар) ұсынылғанға дейін кепілдік беру жөніндегі міндеттен босатылады][5]<br>[Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы тиісті түрде ресімделген және қажет болған жағдайда тіркелген шарт (шарттар) Клиент Банкке мерзімінде *Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету туралы шарт берілуге тиіс мерзімд*і көрсетілсін/шарт жасалған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ұсынылады*(қажетсізді алып тастаңыз)*.][6]][7]<br>[1.6.1. Шарт бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету: 100% ақшамен қамтамасыз ету.<br>Өтініште көрсетілген шарттарға сәйкес, Банк Клиенттің кепілге қабылдаған ақшасымен 100% қамтамасыз етілген кепілдік шығарады. |

[4] егер кепілдік қамтамасыз ету болып табылған жағдайда, кепілтік жақшада көрсетілгенбағалауға жатпайды.
[5]кепілдік тиісті түрде ресімделген қамтамасыз ету туралы шарт ұсынылғаннан кейін банктің уәкілетті органының шешімі бойынша берілген жағдайда көрсетілсін.
[6]кепілдік тиісті түрде ресімделген қамтамасыз ету туралы шарт ұсынылғаннан кейін Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша берілген жағдайда көрсетілсін.
[7]қамтамасыз ету ретінде ақша ұсынылған жағдайда көрсетіледі, осы тармақты алып тастау керек

| | |
|---|---|
| | Кепілдеме бойынша өтеу сомасы _________ (________________) ___________ тең (бұдан әрі «Қамту сомасы») және Клиент кепілдік шығарылған күннен кешіктірмей Банк пен Клиент арасында жасалған _____ жылғы _____________ № _____ мерзімді/шартты (қажетсізді алып тастаңыз) банктік салым шарты (бұдан әрі – «Банктік салымының шарты») бойынша банкте ашылған _______ жинақ шотына (бұдан әрі – «Жинақ шоты») енгізеді.<br>Жинақ шотына есептелген ақша банк салымының шартында көрсетілген мөлшерде сыйақы есептеледі / сыйақы алынбайды *(қажетсізді алып тастаңыз)*][8]<br>[1.6.1. Банк Бенефициардың пайдасына Кепілдік бойынша кез келген төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Клиент Кепілдік алғанға дейін Банкке Кепілдік сомасына тең мөлшерде ақша береді. Кепілдік Клиенттің _________ «Jusan Bank» АҚ-да ашылған № _________ банктік шотына есептеледі, содан кейін ол Банктің төлем құжаты негізінде алынып, банк ішіндегі шотқа орналастырылады.<br>1.6.2. Клиент Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін кепіл Банкте қалады.<br>1.6.3. Егер Банк Кепілдік бойынша Бенефициардың пайдасына қандай-да бір төлемдер жасаса, Банк Кепілдік сомасынан Клиентке қатысты талаптарын қанағаттандырады.<br>1.6.4. Егер Шарттың 1.6.1.тт. көрсетілген Клиенттің ағымдағы шотында және / немесе Клиенттің Банкте және басқа екінші деңгейлі банктерде ашылған басқа банктік шоттарында ақша болмаса / жеткіліксіз болса, Шарттың 1.6.3.тт. көрсетілген жағдайды қоспағанда, Банк Клиентке қойылатын талаптарды Кепіл сомасынан қанағаттандыруға құқылы.<br>1.6.5. Кепіл сомасын Банк Шарттың 1.6.1.тт. көрсетілген Клиенттің банктік шотына келесі оқиғалардың бірі болған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде қайтарады:<br>1) кепілдік мерзімінің аяқталуы және Шарттың 1.6.3-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындағанда;<br>2) кепілдіктің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін банкке кепілдіктің түпнұсқасын және/немесе Бенефициардың Кепілдік бойынша Банкке ешқандай талаптары жоқтығын растайтын хатын/хабарламасын ұсыну.<br>Бұл жағдайда, Банк Шарттың 1.6.3.тт. көрсетілгендей Кепілдік сомасынан өз талаптарын қанағаттандырған жағдайда, Банк ақшаның қалған бөлігін Клиентке қайтарады.][9]<br>[*Шарт бойынша қамтамасыз етуді ұсыну көзделмеген жағдайда, Шарттың осы тармағы келесі редакцияда баяндалады.*<br>Клиенттің Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуі талап етілмейді.]<br>[Клиенттің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету *«Шарттың ерекше талаптарының» 1.10.тармағының тармақшасы көрсетілсін* көрсетілген мүлік болады][10] |
| **1.7. Қолданылу мерзімі** | Шарт Клиент Банк алдындағы Стандартты талаптар мен шарттарда көзделген барлық міндеттемелерді толық және тиісінше орындағанға дейін қолданылады. |
| **1.8. Тараптардың жауапкершілігі** | Өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Стандартты талаптар мен Шартқа сәйкес жауап береді. |
| **1.9. Кепілдік беру** | Банктің Шарт бойынша Кепілдік беру жөніндегі міндеті Клиенттің |

[8]мүлікті қамтамасыз ету ретінде ұсынылған жағдайда көрсетіледі

[9]Қамтамасыз ету ақша түрінде Банктің ішкі банктік шотына түскен жағдайда көрсетіледі

[10]Кепілдік Шарттың 1.10-тармағында көрсетілген мүлік ұсынылғанға дейін кепілдік берілген жағдайда көрсетіңіз. Шарт жасалған күні қамтамасыз етуге өзге мүлік берілмейді

| | |
|---|---|
| **шарттары** | Шарт бойынша Кепілдікті кепілдік беру үшін қажетті талаптарды тиісті түрде орындауына байланысты.<br>Клиент Стандартты талаптарда және Шартта көрсетілген міндетті талаптарды орындағаннан кейін Банк Клиентке Шарт бойынша Кепілдік бере алады.<br>*Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша қосымша шарттар ұсынылуы мүмкін (қажет болған жағдайда қосыңыз).* |
| **1.10. Ерекше шарттар** | *Уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше шарттар көрсетілсін:*<br>[1) Клиент Банкке келесі мүлікті кепілге беруге міндеттенеді*(20___ жылдың ________ дейін): ______________________ (мүліктің атауы, орналасқан жері, сәйкестендірілуін және өзге де белгілері көрсетілсін);)*<br>[2) Клиент Банкке 20___ жылдың ________ дейін Шарттың барлық мерзімі ішінде толық ынтымақты кепілдік беруді (оның ішінде тұлға / тұлғалар Банкке келесі тұлғаның (тұлғалардың) кепілдік (тер) беруіне тиісті түрде ресімделген келісімдер беруді) міндеттенеді: ______________________*(кепілгердің атауы /аты-жөні мен инициалдары, қажет болған жағдайда өзге де мәліметтер көрсетілсін);]*<br>[3) Клиент Банкке 20___ жылдың ________ дейін келесі мүлікке келесі құжаттарды ұсынуға міндеттенеді: ______________________ *(тиісті мүлікке қажетті құжаттар, қажет болған жағдайда өзге де мәліметтер көрсетілсін;*]<br>[4) Клиент 20___ жылдың ________ дейін *(Клиент жоюға тиісті ескертулер, өзге шарттар, құжаттар көрсетілсін)*жоюғаміндеттенеді;]<br>[5) ________ *(орындалуы міндетті шарттар болған кезде көрсету қажет).*<br>(*ерекше шарттар болмаған жағдайда, осы тармақ келесі редакцияда жазылады* «Ерекше шарттар жоқ»). |
| **1.11. Сақтандыру** | [Сақтандырушарты кредиттеудің бүкіл мерзіміне жасалатын жағдайларды қоспағанда (Клиент осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін), сақтандыру кмшарты кейінге ұзартумен <u>*мерзім санмен (жазбаша) көрсетілсін*</u> мерзімге жасалады. Осы Шартта сақтандыру шартының мерзімін ұзарту дегеніміз, бұрын жасалған сақтандыру шартының мерзізмі аяқталғаннан кейінгі күннен кешіктірмей, күшіне енген жаңа сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) немесе оның қолданылу мерзімін ұзарту туралы бұрын жасалған сақтандыру шартына қосымша келісімді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысының төленгенін растайтын құжатты (құжаттарды) және өзге де қажетті құжаттарды (құжаттарды) ұсыну арқылы сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту, сақтандыру шарты кредиттеудің бүкіл мерзіміне жасалатын жағдайларды білдіреді.<br>[Клиент қарыз берілгенге дейін тиісті түрде ресімделген сақтандыру шартын Банкке ұсынады. Тиісті түрде ресімделген сақтандыру шарты жасалғанға дейін, Банк қарыз беру міндетінен босатылады.][11]<br>[Тиісті түрде ресімделген сақтандыру шартын Клиент Банкке <u>*(Сақтандыру шарты берілетін мерзімкөрсетілсін)*</u>ішінде ұсынады)][12]<br>Сақтандырушы туралы ақпарат:<br>*(Сақтандырушы туралы қажетті ақпарат, аты-жөні, мәліметтер,* |

[11]Егер кепілдік Клиент Банкке тиісті түрде ресімделген сақтандыру шартын ұсынғаннан кейін берілген жағдайда, тік жақшадағы ақпарат шарттың мәтінінде қалдырылуы керек.
[12]Егер кепілдік Клиент Банкке тиісті түрде ресімделген сақтандыру шартын ұсынғаннан кейін берілген жағдайда, тік жақшадағы ақпарат шарттың мәтінінде қалдырылуы керек.

| | |
|---|---|
| | *телефон нөмірлері және мекенжайы көрсетілсін).*<br>[Шарт бойынша сақтандыру көзделмейді.][13] |
| **2-бап. Клиенттің құқықтары мен міндеттері** | Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Банк үшін шектеулер стандартты талаптарда анықталады.<br>*Банктің уәкілетті органының шешімімен көзделген жағдайда, құқықтар мен міндеттер нақтылануы мүмкін.* |
| **3-бап. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу** | Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Шартқа қосымша келісімдер жасасу арқылы немесе Стандартты шарттарда қарастырылған басқа тәсілдермен енгізіледі. |

## 4. Басқа шарттар

4.1. Шарт жасасу арқылы Клиент Стандартты талаптарға қосылады және келесіні растайды:
- Стандартты талаптар оқылды, Клиент толығымен, ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз қабылдады, Клиент үшін ауыр талаптарды қамтымайды, Клиенттің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып қабылданбады;
- Шарт стандартты талаптармен бірге бірыңғай құжат болып табылады;
- Стандартты шарттарды оқымағандығының / түсінбегендігінің / қабылданбағандығының дәлелі ретінде стандартты талаптарда оның қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;
- Клиент кепілдік берудің барлық талаптарымен келіседі;
- Стандартты талаптардың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен еркіне толық сәйкес келеді;
- Шарт жасасу және оның талаптарын орындау, оның ішінде Шарт бойынша Кепілдік беру, Қазақстан Республикасы заңнамасының және / немесе Клиентке қатысты заңнаманың кез-келген нормаларын бұзбайды және бұзуға әкелмейді.

4.2. Шарт бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей *дана саны көрсетілсін* данада жасалды, олардың әрқайсысы түпнұсқа болып саналады, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данадан. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні сәйкес келмеген жағдайда, Шарттың орыс тіліндегі мәтіні Шарттың мемлекеттік тілдегі мәтінінен басым болады.

4.3. Келіссөздер жолымен реттелмеген осы Шартпен байланысты барлық даулар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төреліктерге ведомстволық бағынысты емес дауларды қоспағанда, Банктің немесе оның филиалының (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында не «Алматы төрелік соты» ЖШС (БСН 160940010655) жанындағы тұрақты жұмыс істейтін Алматы төрелік сотында оның осы төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын регламентіне сәйкес, талап қою/өтініш беру күніне қолданыста болатын редакциядағы Қазақстан Республикасының соттарында талап қоюшының/өтініш берушінің таңдауы бойынша қарауға жатады.

**4.4.** Шартта көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар стандартты талаптарды, ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

Егер шартта Стандартты талаптардың ережелерінен ерекшеленетін өзге ережелер (өзге мерзімдер, ақпаратты / есептілікті ұсыну тәртібі, міндеттемелер / міндеттер және т. б.) белгіленген жағдайда, Шарттың ережелері басымдыққа ие болады, тиісінше осы бөліктегі Стандартты шарттардың ережелері Клиентке қолданылмайды немесе Шартта жазылған талаптардың мазмұнына қарай өзгереді. Шартқа барлық қосымша келісімдер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Егер Шарттың қандай да бір талаптары заңсыз немесе жарамсыз болса, бұл Шарттың басқа ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына қандай да бір дәрежеде әсер етпейді. Егер ҚР заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу нәтижесінде Шарттың ережелері ҚР заңнамасының нормаларына қайшы келетін болса, Тараптар ҚР заңнамасының тиісті нормаларын басшылыққа алады.

[13]Сақтандыру көзделмеген жағдайда

## 5. Тараптардың деректемелері және қолдары

**БАНК**: «Jusan Bank» АҚ, A26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 242, БСН 920140000084, ҚР ҰБ-тағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, БЕК 14, 2021 жылғы 18 наурыздағы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, ресми интернет-ресурс – www.jusan.kz, Электрондық пошта: info@.jusanbank.kz

«Jusan Bank» АҚ *(филиалдың атауы көрсетілсін), филиалдың пошта индексі, орналасқан мекенжайы, телефон нөмірлері көрсетілсін,* № _____ *(куәліктің нөмірі және берілген күні көрсетілсін) филиалды есептік тіркеу / қайта тіркеу туралы куәлік, _____ жылғы (берілген күні көрсетілсін)* филиалды есептік тіркеу / қайта тіркеу туралы анықтама, БСН *(БСН нөмірі көрсетілсін)*

[**КЛИЕНТ**: *Клиенттің заңды тұлғасының ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы көрсетілсін*, заңды мекенжайы *(пошта индексі, орналасқан мекенжайы, хабарламалар мен шағымдарды жіберуге арналған мекенжайы, Клиенттің байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы көрсетілсін)* ағымдағы шот № _____ («Jusan Bank» АҚ-тағы *шот нөмірі көрсетілсін*) _____ жылғы (*қайта тіркеу / тіркеу күні көрсетілсін*) заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу / тіркеу туралы куәлік № _____ *(куәліктің нөмірі көрсетілсін)*, _____ жылғы *(берілген күні көрсетілсін)* заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу / тіркеу туралы куәлік, БСН *(БСН нөмірі көрсетілсін)*]

[**КЛИЕНТ**: Жеке кәсіпкер ______________, *(пошта индексі, тұрғылықты мекенжайы, хабарламалар мен шағымдарды жіберуге арналған мекенжайы, Қарыз алушының байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы көрсетілсін)*, № ______ *(құжатты берген органды көрсетілсін)* берген жеке куәлік (паспорт), [_____ жылғы № _____ жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік][14], «Jusan Bank» АҚ филиалындағы ағымдағы шот № _____, (БИК 195301703) ЖСН *(ЖСН нөмірі көрсетілсін)*]

[**КЛИЕНТ**: Ферма шаруа қожалығы *(пошта индексі, тұрғылықты мекенжайы, хабарламалар мен шағымдарды жіберуге арналған мекенжайы, Қарыз алушыныңбайланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы көрсетілсін)*, *оның негізінде шаруа қожалығы әрекет ететін құжат көрсетілсін*, «Jusan Bank» АҚ филиалындағы ағымдағы шот № _____]

**Тараптардың қолдары:**

| | |
|---|---|
| **Банк атынан:**<br>___________________*Аты-жөні*<br>**Мөр орны** | **[Клиент атынан] [Клиент]:**<br>___________________*Аты-жөні*<br>[**Мөр орны***(бар болған жағдайда)* |

[i] *Заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыру ұсыну бойынша стандартты талаптарға сілтememен Кепілдік ұсыну туралы шарттың үлгілік нысаны бекіткен:*

- *«Jusan Bank» АҚ Басқармасы «01» шілде 2022ж. № 82-22 хаттама*
- *«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесі «28» шілде 2022 ж. № 28/07/22-01 шешім/хаттама*

[14]жеке кәсіпкер 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін тіркелген жағдайда қолданылады.